

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 2 (2022)**

**ПАВЛОДАР**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бурдина Е. И.

*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*  
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.25.07

<https://doi.org/10.48081/OIOG3362>**\*Н. Б. Қияқбай<sup>1</sup>, Н. З. Жуманбекова<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.**ОҚУ ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАР  
МЕН ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ**

*Мақалада оқу жобасының қазіргі модернизацияға ұшыраған білім жүйесіндегі алатын орны мен тиімділігі жасалған апробациялық тәжірибе негізінде ой қозғалған. Мақалада мұндай жаңартылған модельдер бойынша оқыту тілдік тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ана тілдің ғана емес, шет тілдің де маңызды басымдылыққа ие екендігін негізге алады. Сондай әдістердің бірі ретінде бүгінде қазақстандық білім нарығында коммуникативті әдіс-тәсілінің қолданыс аясы кеңейгендігін ескерер болсақ, жобалап оқыту әдісі білімгердің жан-жақты дамуы мен антропоцентристік идеяның негізі ретінде қарастырылады және білім беру үрдісінің барлық талаптарын толыққанды түрде орындайды. Яғни проблеманы шешу арқылы білімгер өз идеясының үлгісін жасап шығады. Қорытынды өнімді жасап шығу барысында білімгерлер ақпараттарды теориядан практикаға түрлендіре отырып, өзіне қажет ақпарат көзін жинақтайды. Тәжірибеге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының жоғарғы сынып оқушыларымен орындалған оқу жобасындағы мұғалімнің қызметі мен оқыту жобасының әр кезеңдеріне толыққанды сипаттама берілген. Сондай-ақ, шет тілінің тілдік тұлғаны дамытудағы ықпалы жобалап оқыту әдісінің тәжірибесіне сүйене отырып анықталған және дәлел ретінде жоба жұмыстары қоса тіркелген. Жобалап оқыту әдістерін ұйымдастыру барысында қазақстандық және әлемдік тәжірибелер қолданылды.*

*Кілтті сөздер: оқу жобасы, тілдік тұлға, тілдік дағды, лингводидактика, оқыту модернизациясы.*

**Кіріспе**

Қазақстандық білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы мектептегі білім беру жүйесіне қойылатын әлеуметтік талаптарды былайша

анықтайды: дамушы қоғамға заманауи білімді, өнегелі, қажет жағдайда бастамашыл, өздері таңдаған жағдайда жауапты шешімдер қабылдай алатын, ықтимал салдарын болжайтын, ынтымақтастыққа қабілетті, ұтқырлығымен, серпінділігімен, сындарлығымен ерекшеленетін, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі дамыған адамдар қажет. Осы орайда мектеп білім беруші мен тәрбиелеуші мекеме функциясынан болашақ тұлғалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырушы және дамытушы функциясына қарай ығыса түседі. Яғни тұлғаны жан-жақты қырынан қарастыра отырып, тұлғатану үдерісінің орындалуын көздейді. Біздің мақаланың басты мақсаты – жоғарғы сынып оқушыларының тілдік тұлғалық ерекшеліктерін байқай отырып, оның тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етуші факторларды дәлелді түрде алға тарту.

Бүгінде қазақстандық білім нарықтағы сұраныстарға тікелей жауап бере алатындай басымдыққа ие болуы үшін дәстүрлі білім беру форматынан жаңартылған білім беру форматына қарай реформаланып жатқаны белгілі. 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» заңының 4-бөлімінің 1-тарауында шет тілінің функционалдық қызметінің барлық аспектілері қамтылып, әрқайсысының қандай қабілет түрлеріне ие бола алатындығын сипаттайтын критерийлер нақтыланған.

Мақаланың зерттеу нысаны: ағылшын тілі сабақтарында жобалап оқыту әдісінің қолданылуы.

Мақаланың зерттеу пәні: жобалап оқыту әдісінің жалпы қолданыс аясы және рөлі мен қызметі.

Мақаланың мақсаты: жаңартылған білім мазмұны мен әлемдік стандарттарға сүйенген шет тілі сабағы барысындағы қысқа мерзімді оқыту жобасын ұйымдастырудың тиімділігі.

Шет тілі білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастыратын басты компоненттерінің бірі деп қарастырар болсақ, шет тілін игерудегі негізгі төрт қабілет (speaking, listening, reading, writing) тілдік тұлғаның толыққанды қалыптасуына әсер ететін құрамдас бөліктер болып табылады. Тілдік тұлға – өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам, оның тілі арқылы танылатын белгісі [1]. Рапишева Ж. Б. мен Нұрмағамбет Ж. С. пікірлеріне сүйенер болсақ, мұндағы тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді тудыру және қабылдай алу қабілетін иеленген адам. Ол қабілеті құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі

және дәлдігімен, нақты мақсатқа бағытталушылығымен ерекшеленеді [2]. Тілдік тұлғадағы тілдің рөліне Р. Сыздық «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал» деп баға береді [3]. Ал Ю. Н. Карауловтың пайымдауына сүйенсек, «Тілдік тұлға – тілді зерттеудің барлық аспектілерін қамти отырып, адамды оның тілінен тыс қарастыратын пәндер арасындағы шекараны бұзып өтетін, ауыспайтын, алмаспайтын идея» деген тұжырымды алға тартады [4]. Дегенмен де бүгінде қарыштап дамыған технология заманы мен жаһандану дәуірінде тілдік тұлғаны жасаушы фактор тек ана тілі ғана емес, шет тілдері де жетекші орын алып отыр. Соның ішінде әлемдік тіл мәртебесіне ие болған тіл ретінде ағылшын тілі көрініс тауып отыр.

Отандық зерттеулерге сәйкес дәстүрлі білім беру әдістері нарықтық сұранысқа сай болмағандықтан, жаңартылған бағдарламада бүгінде ТКТ (Teaching Knowledge Test) әдістеріне сәйкес орайластырылған. Тілдік тұлғаны дамытуды жоғарыда аталған әдістер арқылы орындауға мүмкіндік беретін әдістің түрі – жобалап оқыту әдісі. Ал жобалап оқыту білім алушыны жан-жақты зерттеу жұмыстарын үйретуді көздеп қана қоймай, білім алушының тұлғалық ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс жүргізуге баулитынын ескерер болсақ, ал оның негізгі мақсаты – оқушыларға оқуды нақты өмірмен байланыстыру арқылы кездесетін жаңа жағдайлар үшін шешім қабылдауға бағытталған өнімдер жасауға мүмкіндік беру [5]. Қандай да бір ақпаратты қабылдау немесе өндеу продуктивті және рецептивті типтерге бөлінетінін ескеретін болсақ, онда бұл тілдік тұлға шарттарына толық сәйкес екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақстанда жобалау қызметі жобалық оқыту білім беруді басқару жүйесінің, сондай-ақ балалармен, жастармен және ересектермен тікелей жұмыс істейтін педагогтардың көптеген зерттеушілердің назарында екені белгілі. Қазақстандық ғалым-әлеуметтанушы К. И. Бисенов жобалау қызметі кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс деп есептейді [6]. Әлеуметтік сала объектілерін құру немесе қайта құру жөніндегі қандай да бір жобалық ойы (идеясы) және аз немесе аз нақты тұжырымдалған мақсаты (және, мүмкін, әзірленген тұжырымдамасы) бола отырып, жобалаушы қазіргі кездегі жағдайларды зерделеуі (қазіргі жағдайдың диагнозын жүргізуі), содан кейін өткен және қазіргі тенденцияларды зерделей отырып, оның болашақ жай-күйін болжауы тиіс деп қарастырады.

Жобалап оқыту әдісі мынадай келесі міндеттерге бағынады:



Сурет 1

1 *Қоғамдық-тарихи детерминация міндеті* бойынша біршама талаптар бойынша жұмыс жасайды. Атап айтқанда, білім сапасын көтеру, тұлғалық даму, тәлім-тәрбие беру салалары бойынша жұмыс жасайды. Білімі парадигма бойынша бұл принцип білімгерлерді тек оқытып қана қоймай, негізгі ғылыми бағыттармен таныстыру қажеттілігі туындайды. Яғни мектепті аяқтаған оқушы белгілі бір практикалық шындаудан өтуі арқылы өзіндік кәсіби жұмысын бастай алады.

2 *Қысқа мерзімді даму жоспары міндеті*. Л. С. Выготский полемикада мынадай теорияны ұсына отырып, психикалық дамудың екі деңгейі ретінде актуалды психикалық даму мен қысқа мерзімді психикалық дамуды қарастырды.

3 *Кіріктірілген шығармалық міндетінің* негізі әлемнің бейнесінде. Сондай-ақ қызмет пен виртуалды үлгінің байланысына басымдылық беріледі.

4 *Проблемалық міндет* пассивті қабылдау мен белсенді түрде тәжірибеде қолдануды көздейді. Жобалап оқыту әдісін проблемалық оқытумен байланыстырады. Яғни жасанды проблема құра отырып, білім алушыға сол проблемадан шығуға мүмкіндік береді.

5 *Профориентациялық бағыт немесе кәсіби бағыттылықтың* басты мақсаты – кәсіби күзиреттілікті игерту, яғни кәсіп немесе мамандық таңдау барысында шет тілдерінің тек коммуникация құралы ғана емес, мамандық ретінде көру.

6 *Кіріктірілген шығармалық міндет* педагогтың атқаратын қызметіне басқаша жағдаймен қарауды көздейді, яғни педагог негізгі қызметті орындай отырып, білім алушыларға ақпаратты қабылдауға еріктілік береді.

7 *Контекстке бағытталған міндет* тілдік күзiреттiлiкке ие болған, яғни тілдік тұлғаны дамытуға оңтайландырылған.

Е. С. Полат атап өткендей, жобалық техниканы қазіргі заман талабына сай түсінік негізі мынада: «Бір жағынан оқушы үшін маңызды нақты, практикалық нәтижеге бағытталған проблемалық, зерттеу, іздеу әдістерінің кең спектрін қолдану, екінші жағынан, проблеманы шешу мен іске асырудың әртүрлі факторлары мен жағдайларын ескере отырып, тұтас нәтижелерге қол жеткізу.» Жобалап оқыту оқушылардың танымдық іс-әрекетінің маңызды саласы болып табылады, ол тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін, жазбаша сөйлеу дағдыларын, шешендік қабілеттерін дамытуға, яғни тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Тілдік тұлғаның дамуы индивидуалды түрде жүзеге асатын үдеріс емес, оның дамуына сол жағдаятты жасайтын ұжым немесе коллективизм (адамдар шоғыры) болуы шарт. Дәл осы тұста Дж. Дьюи жобалап оқыту тек оқушы тарапынан ғана жүзеге асырылатын үдеріс еместігін айта кетіп, мұғалімнің жобадағы жетекші қызметтері ретінде менторлық, ұйымдастырушылық және бағыттаушылық қызметтері ұсынылады. Сондай-ақ Е. С. Полат пікіріне сүйенер болсақ, жобалап оқыту әдісі тек шығармашылық және ғылыми ізденістерден ғана құралып қоймай, проблемалық оқыту әдісі сияқты белгілі бір проблема аясында жұмыс жасап, проблеманы шынайы өмірде кездесетін құбылыс ретінде қарап, сол проблемадан шығу жолдарын өз бетінше ұйымдастыру болып табылады. Яғни оқушы мұғалімнің тарапынан ұйымдастырылған немесе жасанды проблемадан шығу жолын көздейді. Бұл жағдайда дәстүрлі оқыту түрімен салыстырар болсақ, бағалау барысында мұғалім жауаптардың толыққанды дұрыс немесе бұрыс екендігіне ғана назар аудармайды, себебі ең маңызды фактор – оқушының шығармашылық және ғылыми ізденісінің бағалануы. Мехмет Озбаш пен Динара Мухатаеваның еңбектеріне сүйенер болсақ, мұғалімдер оқу-тәрбие іс-әрекеті арқылы білім беру үдерісіндегі оқыту іс-әрекетінің нәтижелі орындалуына жауапты адам ресурстарының ең маңыздысы болып табылады және олар адамдарды тәрбиелеу, оқыту және оларға бағыт-бағдар беру, бағыт-бағдар беру және дайындау сияқты көптеген жолдармен қолдау көрсетеді, сондай-ақ оқу процесінде әртүрлі тапсырмаларды немесе әрекеттерді және оқыту тәсілдерін біріктіреді деп топшылайды [7].

Б. Ф. Ломовтың пікірінше, жобалап оқыту әдісі әлемнің антропоцентристік принципіне негізделген. Яғни ортада болып жатқан дүниелердің барлығы адам айналасында көрініс табады [8].

### Зерттеу әдістері мен материалдар

Жобалап оқыту әдісіне жоғарғы сынып оқушыларын тарту тек ғылыми немесе білім игеру мақсатында ғана емес, сондай-ақ кәсіптік танымды ұйымдастыратын және оқушының қызығушылығын айқындайтын үдерістер ретінде көрініс табады. Бұл кезекте жобалап оқыту әдісі екі танымдық үдерістің функциясын бір мезетте орындайды: бір жағынан бұл оқыту әдісі болып табылса, екінші жағынан игерген білім мен қабілетті тереңдеу мақсатында практика жүзінде қолдану.

Кесте 1 – Жобалап оқытуды ұйымдастыру жағдайлары

Әрекет сипаттамасы	Жобалап оқытуды кәсіби тұрғыдан ұйымдастыру (кәсіби мекемелер құрамы колледж, университет, институт ретінде тіркеледі)	Оқушылар арасындағы жобалап оқыту (мектеп аясында орындалады)
Мотивация	Әлеуметтік	Танымдық-әлеуметтік
Мақсат	Қоршаған ортаға пайдасын әкеле алатын өнім жасау	Қабілет пен игерілген білім арқылы тұлғаның дамуы
Мазмұны	Зерттеушілік және технологиялық кезеңдер	Зерттеушілік және технологиялық және қорытындылау кезеңдері
Құралдары	Арнайы кәсіби білім мен қабілет	Білім, біліктілік пен қабілет
Нәтиже	Техникалық жоба	Шынайы жоба немесе end product
Басқарылатын нысан	Жоба тақырыбы	Жобалап оқытудың бүкіл кезеңдері (тақырып, мазмұны, орындалуы мен презентациясы)

Жобалап оқыту әдісі барысында оқушыларды ұйымдастыру түрлі формада өтуі мүмкін. Жеке немесе ұжымдық жұмыс болсын мұғалімнің назарындағы барлық оқушылар тілдік деңгейлерінің алуан түрлілігіне қарамастан, орындаған тапсырма көлемі мен жүргізген тәжірибе, эксперимент немесе сауалнама сипатына қарай бағаланады. Яғни бұл мұғалімнің барлық оқушыларды толық бағалауға мүмкіндік береді [9]. Сондай-ақ Мухатаева Д. И. «Білім берудегі жобалап оқыту әдісі – бұл адамның, ол өмір сүретін қоғамның білім беру қажеттіліктерін және білім беру жүйелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік тәжірибенің нысаны ретінде білімнің дамуы мен өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін кешенді зерттеулер мен жобалық әзірлемелерді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылған қызмет жүйесі» деп топшылайды. Яғни жобалап оқыту әдісі ең маңызды қажеттілік ретінде көрініс табатын оқушылардың қызығушылықтарын басты назарда ұстай отырып, қажеттілігін өтеуді ұйымдастырады.



Ф. И. Буслаев лингводидактикалық ғылымның бастауын тілдік тұлғамен байланыстырады. Лингводидактиканың қазіргі өкілдері тілдік тұлғаның келесі анықтамасын береді: бұл – «сөйлеу әрекеттерін жасауға, сөйлеу туындыларын жасауға және түсінуге» дайын адам [10]. Оның құрылымына әр түрлі қиындықтағы (сөйлеу әрекетінің түрлері, тіл деңгейлері, әртүрлі деңгейдегі компоненттердің игерілуі) орындалатын сөйлеу әрекеттері ретінде танылған тілдік қабілеттер кіреді.

Лингводидактиканың тілдік тұлғамен байланысы ретінде келесі ұйғарымдар түсіндіреді [11]:

1 Сөйлеу әрекетінің келесі түрлеріне қабілеттілігі мен дайындығы:

- оқылым;
- тыңдалым;
- жазылым;
- айтылым.

2 Тілдің әртүрлі деңгейлеріндегі қабілеттер мен дайындықтар:

- фонетикалық деңгейде;
- лексикалық деңгейде;
- грамматикалық деңгейде.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар**

Жоғарыда атап өтілген тұжырымдамалар жобалап оқыту әдісі білімгердің танымдық деңгейімен ұштасатындығын көрсетеді. Ал қоршаған ортамен танысу мен ұжымдық арақатынас барысында тілдік тұлға тікелей танымдық немесе когнитивті үдерістер арқылы дамиды. Жас ерекшеліктеріне қарар болсақ, оқушылар бастауыш сыныптарда ақпаратты жоғары деңгейде қабылдай алатындығын көрсетсе, жоғары сынып оқушыларында белгілі бір ақпаратты жоба талаптарына сай өңдеу, синтездеу, анализ жасау және жүйелеу сынды әдістерді қолдана алатындығын байқауға болады. Осы аталған үдерістерді байқау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының мектептерінің бірінде 10-сынып оқушыларымен жобалап оқыту әдісінің негізінде «Impact of human activity on environment and its solutions» тақырыбында ерікті түрде сабақ өтілді. Сабаққа қатысуға ниет білдірген оқушылар саны 24 адамды құрады. Сабақ екі академиялық сағатты қамтиды. Алғашқы сағат түсіндіру және ұйымдастыру, зерттеу және сұхбат жүргізу жұмыстарына бағытталса, екінші сағат - өнімді презентациялауға арналды. Өнім ретінде проблеманы тығырықтан шығару жолдарын модельдеу ұсынылды. Мұғалім жобалап оқыту кезеңіндегі соңғы өнімнің дұрыс орындалуын қадағалауы тиіс.

Сабақтың **оқыту мақсаты** – ағылшын тілі арқылы CLIL тәсілдерін пайдалана отырып, оқытуды жоспарлау, қоршаған ортадағы алпауыт

проблемалардың шешілу тәсілдерін ұсыну, Second Conditional грамматикалық конструкциясын қолдана отырып, пікір білдіру үйрету.

Жобаның басты критерийі – жетекші сұраққа жауап беру арқылы тақырыпты толық қамту. Соңғы өнім постер ретінде ауызша түрде ұсынылды.

Сабак барысы төмендегідей кезеңдерден қалыптасты:

**1 Дайындық кезеңі** жобамен жұмыс жасауды ұйымдастыруға бағытталған. Яғни мұғалім оқушылардың қызығушылық деңгейлеріне сәйкес топтарға бөледі. Бұл жағдайда шет тілін меңгеру деңгейі басты назарда болмауы әбден ықтимал. Оқушылардың қызығушылықтарын анықтау сұрақ-жауап формасында орындалып, үш топқа бөлінді. Әр топқа қол жеткізілуі тиіс мақсаттар мен міндеттер таныстырылды және мақсатқа жету жолында қандай тапсырмаларды орындау қажеттілігі түсіндірілді. Топтарға жаһандық жылыну, мұхиттардың ластануы және табиғи апаттар сынды экологиялық проблемалардың төңірегінде жұмыс жасау көзделді.

**2 Конструкторлық кезеңнің** басында қойылған проблеманы анықтау мақсатында жетекші сұрақтар қойылды. Жұмыстың соңында оқушылар осы жетекші сұраққа толыққанды жауап бере алса, мақсатқа қол жеткізілді деп есептеуге болады. Жобаларды жан-жақты зерттеу мақсатында Венн диаграммасы және SWOT анализ арқылы ақпараттарды жүйелі түрде орналастырылды. Идеяларды көптеп тарту мақсатында mind-mapping тәсілі қолданылды. Проблеманы жан-жақты зерттеу үшін сыни тұрғыдан ойлану және Блум таксономиясын назарда ұстау шарт. Сондай-ақ, why және how сұрақтарына жауап беру міндеттелді.

**3 Технологиялық кезеңде** оқушылар осы уақытқа дейін орындалған жобаларды басшылыққа ала отырып, өздерінің топтық жобасын жасап шығаруы қажет. Үлгі ретінде қорғалған жобалар ұсынылды, өздерінің тақырыптарына сәйкес келетіндей жаңа жоба жасау. Жоба постер түрінде орындалды. Тақырыптың толыққанды зерттелгендігін көрсету мақсатында теориялық білім негізінде жасалынған сауалнамалар арқылы статистикалық мәліметтер жинақталды. Аталған кезеңде әр білімгерді жобаға тарту мақсатында өз бетінше оқуды ұйымдастыру үшін алға қойылған тапсырмаларды өздеріне жоспар құра отырып, бөліп алады. Тапсырмаларды орындау барысында Second conditional грамматикалық конструкциясына назар аударуы тиіс. Жинақталған ақпараттар арасында өздеріне қажетті деп тапқан ақпаратты презентацияда қолдануы шарт.

**4 Қорытындылау кезеңінде** оқушылар өз өнімдерін мұғалімдер мен шақырылған эксперттерге қорғады. Қорғау деңгейіне сәйкес жобаның орындалу мақсатына қол жеткізілу деңгейі айқындалды. Объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін топтар бірін-бірі бағалап отырды, жобаны

ары қарай дамыту мақсатында бір-біріне сындар мен комментарийлар айтылып отырды. Мұғалімнің тарапынан бағалау кері байланыс беру, мақтау және қолпаштау арқылы жүргізілді. Қорғау барысында тілдік тұлғаның сапасын қамтамасыз ету мақсатында мұғалім тіл тазалығы мен грамматикалық бірліктерді орынды қолданылуын қадағаланды. Орындалған өнімдерді келесі сілтемелер арқылы көруге болады: [https://youtu.be/I\\_SEffX-wfM](https://youtu.be/I_SEffX-wfM), <https://youtu.be/vk6tgdFsNgw>, <https://youtu.be/xuTGBJSNzMc>, <https://youtu.be/RJmtbk6g-sk>.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, бүгінгі қоғамда шет тілдерінің тұлғатану мен тұлға қалыптастырудағы үлесі орасан зор екенін ұғуға болады. Егер шет тілдерін жалпы білім беру ұйымдарында оқытатынын басты назарға алсақ, мектеп және шет тілі мұғалімі оқыту жобасы арқылы жасанды жағдайларды құрастыра отырып, білімгерлердің тұлға қалыптастырушылығын тек ана тілі арқылы ғана емес, шет тілдері (ағылшын, француз, неміс) арқылы да қалыптастыруға болатынын бүгінгі қоғам дәлелдеп отыр. Модернизация мен реформалануға ұшыраған қазақстандық білім жүйесі бүгінде инновациялық оқыту формаларын басынан өткеруде. Соның ең тиімді тәсілі ретінде оқыту жобасы екені даусыз: біріншіден, ғылымға жол ашады; екіншіден, баланың икемділігін шығармашылық тұрғыда қалыптастырады. Грамматика мен сөздік қор – шет тілі пәнінің бір компоненті дейтін болсақ, оқу жобасы – екі компоненттің кіріктірілген формасын ұйымдастырудың бірден-бір жолы.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1 **Абдуллаева, Қ. М., Тұрышев А. Қ.** Тілдік тұлғаны танудағы мәтін мен дискурс мәселелері [Текст] // ПМУ хабаршысы. – 2018. – № 3. – 12–19 б.

2 Тілдік тұлға мәселесінің тіл білімінде зерттелуі [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: URL:[http://www.rusnauka.com/35\\_NPM\\_2015/Philologia/3\\_200656.doc.htm](http://www.rusnauka.com/35_NPM_2015/Philologia/3_200656.doc.htm).

3 **Сыздық, Р.** Қазақ сөзінің әсемдік күдіретін жоғалтпалық [Текст]. – Алматы, 2001. – 256–264 б.

4 **Караулов, Ю. Н.** Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность [Текст]. – М., 1989. – С. 56.

5 Perceptions of teacher candidates regarding project-based learning [Электронды ресурс]. – Access mode : [ejer.2016.62.2.pdf](http://ejer.2016.62.2.pdf).

6 **Биекенов, К. У.** Социальное прогнозирование и проектирование : учебное пособие [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, – 2012. – С. 358.

7 **Özbaş, M., Mukhatayeva, D.** Views of Pre-service Teachers Related to the Development of Pedagogical Formation Training and Design Competences [Text] // Universal Journal of Educational Research 6. –2018. – № 6. – P. 1207–1215.

8 **Ломов, Б. Ф.** Человек и техника [Текст]. – М. : Советское радио, 1966. – С. 172.

9 **Полат, Е. С., Бухаркина, М. Ю.** Современные педагогические и информационные технологии в системе образования [Текст]. – М. : Академия, 2008. – С. 368.

10 **Lvov, M. R.** Fundamentals of the theory of speech [Text]. – Moscow, 2000. – P. 248.

11 Проектная деятельность как средство развития языковой личности учащихся 5–6 классов на уроках русского языка. Ученые записки Орловского государственного университета [Электронды ресурс]. – Режим доступа: [projektnaya-deyatelnost-kak-sredstvo-razvitiya-yazykovoy-lichnosti-uchaschihsya-5-6-klassev-na-urokah-russkogo-yazyka.pdf](http://projektnaya-deyatelnost-kak-sredstvo-razvitiya-yazykovoy-lichnosti-uchaschihsya-5-6-klassev-na-urokah-russkogo-yazyka.pdf).

## REFERENCES

1 **Abdullaeva, Q. M., Tyryshev, A. Q.** Tildik tylgany tanudagy matin men diskurs maseleleri [The problem of diskurs and text in cognition of linguistic personality] [Text] // PMU habarshysy. – 2018. – № 3. – P. 12–19.

2 Tildik tyлга masesinin til biliminde zerttelui [The research of the problem of linguistic personality in linguistics] [Electronical resource]. – Access mode : [http://www.rusnauka.com/35\\_NPM\\_2015/Philologia/3\\_200656.doc.htm](http://www.rusnauka.com/35_NPM_2015/Philologia/3_200656.doc.htm).

3 **Syzdyq, R.** Qazaq sozinin asemdik qydiretin zhogaltpalıyq [Loss of beauty of Kazakh word] [Text]. – Almaty, – 2001. – P. 256–264.

4 **Karaulov, Ju. N.** Russkaja jazykovaja lichnost i zadachi ee izuchenija. Jazyk i lichnost [Russian linguistic personality and the problems of its research. Language and personality] [Text]. – Moscow, 1989. – P. 56.

5 Perceptions of teacher candidates regarding project based learning [Electronical resource]. – Access mode : [ejer.2016.62.2.pdf](http://ejer.2016.62.2.pdf).

6 **Biekenov, K. U.** Socialnoe prognozirovanie i proektirovanie: uchebnoe posobie [Social predicting and projecting: tutorial] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, – 2012. – P. 358.

7 **Özbaş, M., Mukhatayeva, D.** Views of Pre-service Teachers Related to the Development of Pedagogical Formation Training and Design Competences [Text] // Universal Journal of Educational Research 6. –2018. – № 6. – P. 1207–1215.

8 **Lomov, B. F.** Chelovek i tehnika [Human and technics] [Text]. – Moscow : Soviet radio, 1966. – P. 172.

9 Polat, E. S., Buharkina, M. Ju. Sovremennyye pedagogicheskie i informacionnyye tehnologii v sisteme obrazovaniya [Modern pedagogical and informational technology in educational system] [Text]. – Moscow : Academy, – 2008. – P. 368.

10 Lvov, M. R. Fundamentals of the theory of speech. – Moscow, 2000. – P. 248.

11 Proektnaya dejatel'nost' kak sredstvo razvitiya jazykovoj lichnosti uchashhihsya 5-6 klassov na urokah russkogo jazyka. [Project method as tool of development of linguistic personality of the 5-6 grade learners in the Russian language lesson] [Electronical resource] [Text]. – Access mode : proektnaya-deyatelnost-kak-sredstvo-razvitiya-yazykovoy-lichnosti-uchaschihsya-5-6-klassov-na-urokah-russkogo-yazyka.pdf.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

\*Н. Б. Киякбай<sup>1</sup>, Н. З. Жуманбекова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## **РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВЫХ НАВЫКОВ И ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ УЧЕБНОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ**

*В статье рассматривается роль и эффективность учебного проекта в модернизированной системе образования на основе проверенного опыта. Статья основана на том, что не только родной язык, но и иностранный язык имеет важное преимущество в комплексном формировании языковой личности. Учитывая широкое распространение коммуникативных методов на казахстанском рынке образования сегодня, метод проектного обучения рассматривается как основа всестороннего развития учеников старших классов и антропоцентрической идеи. То есть, решая задачу, ученик создает модель своей идеи. При разработке конечного продукта студенты собирают необходимый им источник информации, трансформируя информацию от теории к практике. В соответствии с практикой, подробное описание деятельности учителя в образовательном проекте и различных этапов учебного проекта, выполняемых старшеклассниками общеобразовательных учреждений. Также влияние иностранного языка на развитие языковой личности было*

*определено на основе опыта проектной методики обучения, и проектная работа была приложена в качестве доказательства. При организации проектной методики обучения использован казахстанский и международный опыт.*

*Ключевые слова: учебный проект, языковая личность, языковые навыки, лингводидактика, учебная модернизация.*

\*N. B. Kiyakbay<sup>1</sup>, N. Z. Zhumanbekova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 13.06.22.

## **DEVELOPMENT OF LANGUAGE SKILLS AND LINGUISTIC PERSONALITY THROUGH EDUCATIONAL PROJECT**

*The article discusses the role and effectiveness of the educational project in the modernized education system on the basis of proven experience. In the article, training according to such updated models is based on the fact that not only the native language, but also a foreign language has a significant priority in the comprehensive formation of the language personality. As one of these methods, taking into account the expansion of the scope of application of the communicative method in the Kazakh education market today, the project learning method is considered as the basis for the comprehensive development of students and the anthropocentric idea and fully meets all the requirements of the educational process. That is, by solving the problem, the student creates a model of his idea. In developing the final product, students gather the source of information they need, transforming information from theory to practice. In accordance with the practice, a detailed description of the activities of the teacher in the educational project and the various stages of the training project, performed by senior students of general education institutions. Also, the influence of a foreign language on the development of a linguistic personality was determined based on the experience of the project-based teaching method and project work was attached as evidence. Kazakhstani and international experience were used in the organization of project-based teaching methods.*

*Keywords: educational project, language personality, language skills, linguodidactics, educational modernization.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz